

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2339 Қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2009 жылғы 31 желтоқсандағы

№ 2339 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Стратегиялық жоспардың құрылымы

1. Миссиясы мен пайымдауы
2. Ағымдағы жағдайды талдау
3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер
4. Функционалдық мүмкіндіктер және ықтимал қауіп-қатерлер
5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл
6. Бағдарламалық және нормативтік құқықтық құжаттардың тізбесі
7. Бюджеттік бағдарламалар

Миссиясы

Агроөнеркәсіптік кешен салаларының экономикалық өсуіне және бәсекеге қабілеттілігінің сапалы жаңа деңгейіне жетуіне жәрдемдесу мақсатында

агроөнеркәсіптік кешенді, су, орман, аңшылық және балық шаруашылығын, ауылдық аумақтар мен аграрлық ғылымды дамыту саласындағы мемлекеттің аграрлық саясатын қалыптастыру және іске асыру.

Пайымдауы

2010 - 2014 жылдардағы стратегиялық жоспардың шараларын іске асыру нәтижесі Агроөнеркәсіптік кешен салаларын тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, отандық өнімнің ұлттық бәсекелестік басымдылығын дамыту, елдің азық-түлік қауіпсіздігін және мемлекет қаржыны және материалдық активтерді басқару тиімділігін қамтамасыз ету, экономиканың ведомстволық бағынысты салаларын үйлестіруді жоғары деңгейге жеткізу болып табылады.

Ағымдағы жағдайды талдау

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту

Бүгінгі таңда республиканың агроөнеркәсіптік кешеніндегі жағдай өндіріс тиімділігінің өсуімен, ауылдағы қаржы қызметі нарығының дамуымен, ауыл халқының өмір сапасының жақсаруымен сипатталады.

2008 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 1384,2 млрд. теңгені құрады.

Қазіргі уақытта салада өндірістің жалпы өнімі 1 адамға есептегенде 4600 \$ астамды құрайды.

2008 жылы ауылдық жерлердегі жұмыссыздықтың деңгейі 6% деңгейінде қалыптасты.

Жыл сайын ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар артуда. Егер 2002 жылы инвестициялар салу 17,3 млрд. теңгені құраса, ал 2008 жылы - 77,8 млрд. теңге немесе 4,5 есе артық болды.

Өсімдік шаруашылығы салаларында құрылымдық және технологиялық әртараптандыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін басым сипатты ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алаңдарын кеңейту, экспортқа бағытталған бәсекеге қабілетті өнімдердің өндірісін арттыру жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы республика бойынша 2008 жылы астық дақылдарының егістік алаңдары 2007 жылмен салыстырғанда 778,4 мың га-ға (5,1%), оның ішінде бидай алаңы - 603,4 мың га-ға (4,7 %), арпа - 251,5 мың га-ға (13,5 %), астыққа арналған жүгері 5,8 мың га-ға (6,3 %), күздік қара бидай - 4,0 мың га-ға (7,6%) артты.

Бұлғал қорын сақтау технологиясын ендіру алаңдары кеңейуде. 2008 жылы осы технологияны қолдана отырып 7,6 млн. га алаңға астық дақылдары егілді, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 2,6 млн. га немесе 52 % - ға артық.

2008 жылы жалпы астық жинау 10,1. ц/га орташа түсімділікпен өңдеуден кейін 15,6 млн. тоннаны құрады. Бұл көлем еліміздің жаңа астыққа дейінгі ішкі қажеттілігін және экспорттық-әлеуетті 5,5 - 6,0 млн. тоннаға дейін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл ретте, астықтың жоғары сапасы байқалады астық қабылдау кәсіпорындары сақтауға қабылдаған бидайдың -90%-ы 1, 2 және 3 классқа сәйкес келеді. Осы көрсеткіш 2007 жылы 76 %-ды құрады.

2008 жылы астық эквивалентінде 8,2 млн. тонна (2007 жылы - 9,0 млн. тонна шамасында) астық және ұн, оның ішінде 5,6 млн. тонна астық, 1,8 млн. тонна ұн экспортқа жөнелтілді. Бұл ретте, астық пен ұнды экспортқа сатудан түскен экспорттық түсімінің көлемі 2,5 млрд. АҚШ долларын құрады, ол 0,8 млрд. АҚШ долларына немесе 2007 жылдың ұқсас көрсеткішінен 52 %-ға артық.

Бұдан басқа, 128,0 млн. АҚШ доллары сомасына 93,2 мың тонна мақта-талшығы және 25,5 млн. АҚШ доллары сомасына 54,2 мың тонна майлы дақылдар экспортталған.

2008 жылдың қорытындысы бойынша республикада 9 мың тоннаға жуық бірегей тұқым өндірісіне қолдау көрсетілді, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін 1539 мың дана жүзім мен жеміс-жидек дақылдарының көшетін және 70 мың тоннадан астам элиталық тұқым сатып алу құны 40 %-ға арзандатылды, 27,26 га алаңда жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық көшеттерін отырғызу және 19,7 га алаңына аталған дақылдардың өткен жылдарда салынған аналығын аяқталмаған өндірісіне қызмет көрсетудің шығындары толық өтелген.

Ел халқын тұтыну нормаларына сәйкес жеміс және жидектермен қамтамасыз ету үшін 16 мың гектардан кем емес алаңға жеміс дақылдарын және 4,5 мың гектарға жүзім егу қажет.

Осыған байланысты 2007 жылдан бастап республикалық бюджеттен жеміс-жидек дақылдарын және жүзімнің көп жылдық көшеттерін отырғызу және өсіру үшін жыл сайын ақшалы қаражат бөлініп, республика үшін маңызды және табысты жеміс шаруашылығын мен жүзім шаруашылығын жаңадан жандандыруға мүмкіндік береді.

2008 жылы нақты салмақта 213,3 мың тонна минералды тыңайтқыш енгізілді. Тыңайтылған аумақ 2 295,2 мың гектарды құрады, бұл 2004 жылғы көрсеткіштен 5 есеге артық. Алайда, енгізілген минералды тыңайтқыштардың осы көлемі қажеттіліктің 8 %-ға құрайды.

Егіншілікті тиімді жүргізу, топырақ құнарлылығын сақтау және ұдайы өсіру үшін тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) қолдануды ары қарай ынталандыру қажет.

2008 жылы мал шаруашылығы саласында шаруашылықтардың барлық санатында шошқа басынан басқа, малдар мен құстар санының өсуі 2007 жылмен салыстырғанда, 3 -8 пайызды, ал мал шаруашылығы өнімінің өндірісі 3-12 пайызды құрады. Мал шаруашылығында жүргізіліп жатқан селекциялық-тұқымдық жұмыс саланың дамуына

белгілі бір әсерін тигізіп отыр.

Алайда, мұнда бірқатар тежеу факторлары бар: барлық ауыл шаруашылығы мал санының 70 пайыздан астамы жеке үйлерде болуы; асыл тұқымды мал басының үлес салмағы төмен болып қалуы және 5-11 % ғана құруы; жануарларды асырау және қоректендірудің қарапайым технологиялары, өнімді өндіру және қайта өңдеудің ескірген технологиялары, мал шаруашылығы процесстерін механикаландыру және автоматтандырудың төмен деңгейі; орта және ірі тауарлы өндірістің мамандандырылған шаруашылықтарының жеткіліксіз дамуы; жемшөп базасының әлсіздігі, толық мөлшердегі құрама жемнің жетіспеушілігі және оның салдары ретінде мал және құстардың өнімділігінің-төмендігі.

Ветеринария саласында республикадағы эпизоотикалық саулықты және мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар, елдің толық ветеринариялық саулығын қамтамасыз етуді мынадай күрделі мәселелер ұстап тұр: малдар мен құстардың аса қауіпті ауруларына қарсы эпизоотияға қарсы шаралардың толық көлемде жүргізілмеуі, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдейтін кәсіпорындарда ветеринариялық бақылау жүргізетін бөлімшелер санының жетіспеушілігі; зоогигиеналық және ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамай ауыл шаруашылығы малдарын күтіп-бағу; ветеринариялық зертханалардың материалдық-техникалық жабдыктану деңгейінің төмендігі; жергілікті атқарушы органдардың мал қорымы және сою пункттерін салуды әлсіз ұйымдастыруы, жануарларды сәйкестендіру жүйесінің реттелмеуі, ветеринар мамандардың - лицензиаттардың біліктілік деңгейінің төмендігі.

АӨК-не қарасты қайта өңдеу кешенінің қазіргі жағдайын өндірістің өсуі үшін айтарлықтай әлеуеті бар және бір қалыпты деп бағалауға болады.

Тамақ өнеркәсібінің өнімдерін шығаруды 3 мыңға жуық кәсіпорын жүзеге асырады, олар 2008 жылы өнеркәсіптік өндірістің республикалық көлемінің - 7,2 %-ын және өңдеу өнеркәсібінің - 21,4 %-ын өндірілген. Соңғы бес жылда саланың орташа жылдық өсу қарқыны 108,3 %-ды құраған.

2008 жылы тамақ өнеркәсібінің өндіріс көлемі 734,1 млрд. теңгеге жеткен.

2008 жылы 2007 жылмен салыстырғанда ұн өндірісі - 9,6 %-ға, жарма - 7,4 %-ға, шұжық өнімдері - 4,7 %-ға, ет-өсімдік консервілері - 6,4 %-ға, қант - 30 %-ға, маргарин - 17,6 %-ға, көкөніс консервілері - 10,8 %-ға, печенье - 6 %-ға ұлғайды.

Есептік кезеңде 2007 жылмен салыстырғанда республикада 20 %-ға - өсімдік майларын, 27 %-ға - шырын, 2 %-ға - жеміс консервілерін өндіру көлемі төмендеді және 32 %-ға - томат консервілерінің өндірісі қысқарды.

Сондай-ақ, сүт өнімдерінің өндірісі барлық негізгі көрсеткіштер бойынша қышқыл сүт өндірісі 2,2 %-ға және қойылтылған сүт пен кілегейдің өндірісі 20 %-ға дейін төмендеді.

Өндіріс көлемінің төмендеуінің негізгі себептері сапалы шикізаттың (сүттің) жетіспеушілігі, дайын өнімнің арзан импортының өсуі, өндірістердің рентабельді сүт өнімдерінің түрлеріне бағытталуы.

Шығарылатын өнімдерінің сапасын жақсартуы және кәсіпорындарының халықаралық стандарттарға ауысуы бойынша жұмыс жалғастыруда, қазіргі уақытта ИСО және ХАССП халықаралық стандарттарына негізделген сапаның менеджмент жүйесін саланың 254 кәсіпорны енгізді, СМЖ енгізу бойынша 68 кәсіпорын өндірісін әзірлеуде және даярлауда.

Сонымен бірге, бір қатар проблемалар бар: ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорындарының технологиялық жабдықтар тозуының жоғары дәрежесі, ауыл шаруашылық шикізатының/өнеркәсіптік өндірілуінің төмен деңгейі және сапалы шикізаттың болмауына байланысты қайта өндіретін кәсіпорын алыптылығының тиісті жүктелмегені, қайта өндіріс өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің жеткіліксіз деңгейі және осының нәтижесінде олардың кейбіреулеріне импорттың жоғары үлесі, ХАССП принциптерін енгізу жөнінде жұмыстың жетіспеушілігі, орта буынның білікті мамандарының және кадрларының жетіспеушілігі.

Машина-тракторлық паркін жаңарту жөнінде мақсатты жұмыс жүргізілуде. 2008 жылы ауыл шаруашылығы техниканың негізгі түрлері бойынша 7034 бірлік сатып алынды.

Таяу және алыс шет елдерінің жоғары өнімді, қуатқа қанық техниканы сатып алынуы ауыл шаруашылық өндірісінің қуатқа қамтамасыз етуін 2002 жылмен салыстырғанда 19,5 %-ға ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Бірақ-та, Қазақстанның ауыл шаруашылығы машиналарының қолданыстағы паркі 80 %-ға дейін тозды. Негізгі ауыл шаруашылық техниканың орташа қызмет ету мерзімі 8-10 жыл болғанымен пайдаланудың 10 жылдан астам тракторларының құрамы 94,5 %-ға жуық, астық жинаушы комбайндардың - 77,7 % құрайды. Сонымен бірге, жыл сайынғы тракторлардың жаңаруы - 0,87 %-ды, астық жинаушы комбайндардың - 3,2 %-ын құрайды.

Саланың қарқынды дамуына көрсетілетін мемлекеттік қолдау себепші болған еді.

Былтырғы жылы агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау көлемі елеулі түрде артты. Егер 2002 жылы осы мақсаттарға мемлекеттік бюджеттен 27,3 млрд.теңге бағытталған болса, 2008 жылы - 133,8 млрд.теңге, оның ішінде субсидия көлемі - 40,2 млрд.теңгені, несиелер - 52,6 млрд.теңгені құрады. 2009 жылы барлығы 96,3 млрд.теңге, оның ішінде субсидиялар - 41,3 млрд.теңге, несиелер - 14,7 млрд.теңге бөлінді.

АӨК салаларын ғылыми қамтамасыз ету

Елдің азық-түлік қауіпсіздігінің және экономиканың аграрлық саласының бәсекеге қабілеттілігінің мәселелерін шешу агроөнеркәсіптік кешендегі технологиялық олқылықтарды қамтамасыз ететін, өндіріске жаңа инновациялық тәсілдерді әзірлеуге және енгізуге бағытталған аграрлық ғылымның дамуымен тығыз байланысты.

Балық шаруашылығы су тоғандарын және учаскелерін пайдаланушыларға ұзақ мерзімге бекітіп беру жұмыстары жүргізілуде, бұл бекітіп берілген су тоғандары мен учаскелеріне балық шаруашылығын дамытуға шетелдік өз қаражаты мен инвестициялар тарту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді.

2008 жылы балық шаруашылығын дамытуға пайдаланушылар тарапынан 1 626,5 млн. теңге қаржы салынды.

Қабылданған шараларға байланысты ауланған балық көрсеткіші өсті және 55,9 мың тоннаны құрады, балық ресурстарын пайдаланғаны үшін бюджетке 443,2 млн. теңге төлем түсті.

Өткен кезеңнің қорытындысы бойынша 2190 халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) 10 жыл мерзімге 1137 балық шаруашылығы ұйымдарына бекітілген.

Өткен жыл бойынша мемлекеттік инспекторлармен балық қорғау заңнамаларын бұзған 9841 фактілері айқындалған, 44 млн. теңге айыппұл салынған, соның ішінде 37,6 млн. теңге тәркіленген. Балық ресурстарына келтірілген зиянға 21 млн. теңге сомасына талап етілген, 5,5 млн. теңгесі тәркіленді. Құқық бұзушылардан 75,95 тонна балық, оның ішінде 2,53 тонна бекіре тұқымдас балықтар тәркіленді. Тәркіленген өнімнің сатылған пайдасынан бюджетке 1,87 млн. теңге түскен.

Келешекте балық ресурстарының өсімін молайту, балық ресурстарына мемлекеттік есепті жүргізу, мелиорация (түбін тереңдету), ведомстваға қарасты кәсіпорындарға күрделі жөндеу жұмыстарын, Қазақстан бөлігінде орналасқан Каспий теңізінің биологиялық ресурсының жағдайына баға беру туралы кешенді теңіз зерттеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Қазіргі кездегі ең маңызды мәселенің бірі, тауарлы балық шаруашылығы саласының нашар дамуы. Осы бағытты қарқындату қажеттілігінің себепшісі табиғи су тоғандардағы балық шикізаты қорының шектелгендігінде және су тоғандарында кәсіптік аулауға шектеулер қою қажеттілігі мақсатында оның тозуын алдын-алуға болады.

Орман және аңшылық шаруашылығы

2008 - 2010 жылдарға арналған «Жасыл ел» бағдарламасы және 2010 жылға дейінгі су ресурстарын сақтау мен тиімді пайдалану, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар торабын дамытудың бағдарламаларын іске асыру жалғасуда.

2008 - 2010 жылдарға арналған «Жасыл ел» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен ағаш отырғызу жөніндегі жұмыстар 20,9 мың га ауданда жүргізілді, өткен жылмен салыстырғанда 20 %-ға артық (2008 ж. — 15,7 мың га). Сексеуіл отырғызу жұмыстары республиканың 5 облысында жүргізілді.

Астана қаласының қорғау жасыл аймағын құру жөнінде жұмыстар жүргізілуде.

1997 жылдан бастап 45 мың га екпе ағаш отырғызылды.

2009 жылдың өрт қауіпті кезеңінде мемлекеттік орман қоры аумағында 4341 га аумағында 527 орман өрті оқиғалары болған, оның ішінде орман алаңында 2110 га, өткен жылдың сәйкес деңгейінен 57 %-ға төмен.

Алматы, Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында 5639 мың га әуе орман қорғау шаралары жүргізілді. Жылдық ұшуы 6000-нан астам сағатты құрайды, бұл мемлекеттік орман қорының қорғауындағы аумағына екі-үш реттік ұшып тексеріске мүмкіндік береді.

2009 жылдың ақпан айынан бастап Қарағанды облысындағы Қарқаралы ұлттық паркінің аумағы 21,7 мың га-ға және Алматы облысындағы Шарын ұлттық паркінің аумағы 30,1 мың га-ға ұлғайтылды, Атырау облысында аумағы 111,5 мың га аумақта «Ақжайық» МТР және Қарағанды облысында көлемі 44,6 мың га аумақта «Белдеутас» қорығы құрылды.

Қазақстанда аңшылықтың объектілері ретінде 93 жануарлар түрі болып табылады, оның ішінде сүтқоректілердің 34 түрі және құстардың 59 түрі. Бірегей қазақстандық фаунаны қорғау мәселелері жылдан жылға үлкен маңыздылығына ие болуда.

Аңшылық шаруашылығына ерекше назар аударылуда. Қазақстан Республикасында аңшылыққа арналған жерлер 234,6 млн.га. алып жатыр, олардың ішінде 117,8 млн. га (49,0 %) аңшылық шаруашылықтарына бекітілген.

Республикада аңшылыққа арналған жерлердің резервтік қорының негізгі тартымды бөлігін жеке аңшы пайдаланушыларға конкурстық негізде бекіту процессі іс жүзінде аяқталған болатын.

2007 - 2009 жылдары 200-ден астам аңшылық шаруашылықтары құрылды және 2009 жылдың 1 қазанына олардың жалпы саны 673 шаруашылықты құрайды.

2009 жылы ақ бөкендерді және аз кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануарларды қорғау үшін 146 инспекторлар мен автомобилдік техниканың 63 бірлігі көлемінде 25 мобильді топ құрылды.

Ақ бөкендер санының азаю динамикасы тоқтатылды және олардың саны 2008 жылғы 61,0 мың басынан 2009 жылда 81,0 мың басына ұлғайтылуы байқалуда. 2009 жылы ақ бөкендер санының өсу мөлшері 2008 жылмен салыстырғанда 32,7 % құрады.

Су шаруашылығы және ауыл шаруашылығы жерлерінің мелиорациясы

2002 - 2010 жылдарға арналған «Ауыз су» салалық бағдарламасын іске асыру аясында және 2002 - 2008 жылдар кезеңінде ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелерін шешу мақсатында барлық көздерден 121,3 млрд. теңге бөлініп, игерілді. Осы қаражатқа 10874 шақырым ауыз сумен жабдықтау жүйелері салынды, қайта жаңартылды және күрделі жөндеуден өткізілді, тұрғындардың саны 4,2 млн. адамнан асатын 2 227 мың елді-мекендерінің сумен жабдықталуы жақсартылды.

Жерлердің мелиоративтік жай-күйін жақсарту және сақтау мақсатында суармалы жерлерге мемлекеттік мониторинг жүргізілуде. 2009 жылы жалпы алаңы 1697,2 мың га

суармалы жерлерде және ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру мен су ресурстарын басқару және жерлерді қалпына келтіру жобаларының объектілерінде, агромелиоративтік зерттеулер; жер асты сулардың деңгейлік-тұздық режиміне 48 872 өлшеу - тұрақты гидрогеологиялық бақылаулар; коллекторлық-кәріздік сулардың ағысына 3 018 өлшеу - гидрогеологиялық бақылаулар; 788 бақылау ұнғымаларына ағымдағы жөндеулер; 28,5 мың гектарға топырақтық-тұздық түсірімдер орындалды; 15 607 шартты бірлік лабораториялық талдаулар жүргізілді, мемлекеттік басқару органдары, сондай-ақ суару жүйелеріндегі жер пайдаланушылар мен пайдалану қызметтері үшін агромелиоративтік, су шаруашылығы іс-шараларын жоспарлауға арналған ұсынымдар әзірленді.

Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау 2009 жылы төмендетілген тариф бойынша саны 1761,6 мың болатын халықты ауыз сумен қамтамасыз ету.

Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге суды жеткізудің қызметтердің құнын субсидиялау 9 897,002 млн. текше метр көлеміндегі суаруға пайдаланылатын суды жеткізу құнын арзандатуды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, бірқатар күрделі мәселелер де бар: Қазақстан бойынша орташа есеппен алғанда тек қана ауыл тұрғындарының 60 пайызы ғана су құбырларының суымен, 37,4 пайыз орталықсыздандырылған су көздерімен қамтамасыз етіледі, ал халықтың қалған бөлігі (2,6 %) әкелінетін суды және ашық су тоғандарының суын пайдаланады; қондырғылар мен су бөлетін желілер жүйесінің көпшілігі 20-30 жылдан астам бұрын қолдануға берілген немесе күрделі жөндеуден өткен; жалпы республика бойынша желінің үштен екі бөлігі күрделі жөндеуді немесе оларды толық алмастыруды талап етеді; тек 41 қалаларда ғана толық технологиялық циклымен канализациялық тазалау қондырғылары бар, оның ішінде 10 қаладағы 70 %-дан астам тозуды құрайды.

Ауылдық аумақтарды дамыту

Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бірінші кезеңін іске асыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы № 838 қаулысымен бекітілген 2004 - 2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылған. Бірінші кезеңнің іс-шаралар жоспарының іске асырылуын талдау барлық көзделген негізгі шаралардың орындалғанын көрсетеді.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың екінші кезеңінде (2007 - 2010 жылдар) әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін салуды, жөндеуді және қайта жаңғыртуды инвестициялау бойынша жұмыстарды жалғастырумен қатар, ауыл халқын қоныстандыруды оңтайландыру, ауыл тұрғындарының неғұрлым жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету бойынша шаралар жүзеге асырылатын болады, ауыл

аумақтарын тұрақты дамыту негіздері жасалады.

2008 жылы ауылдық аумақтарды дамытуға барлық көздерден 218,7 млрд. теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 106,9 млрд. теңге, жергілікті бюджеттен 98,7 млрд. теңге, сондай-ақ, басқа да көздерден 13,1 млрд. теңге бөлінді.

2008 жылғы республикалық бюджет шығындарының негізгі үлесі ауылдық білім беруді - 36%, денсаулық сақтауды - 17%, жергілікті маңызы бар жолдарды - 18%, ауылдық ауыз сумен қамтамасыз етуді - 16% және басқаларды - 13% дамытуға келеді.

Осылайша, 2008 жылы ауылда 266 білім беру объектілері, 157 денсаулық сақтау объектілері салынды және қайта жаңғыртылды, 795 білім беру объектілерінде, 360 денсаулық сақтау объектілерінде күрделі жөндеулер жүргізілді.

Ауылдық аумақтарды келешекке дамыту екі бірыңғай міндетті шешуге - ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға және ауыл халқының өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасауға негізделеді.

Қызметтің стратегиялық бағыттары

1. Агроөнеркәсіптік кешені салаларын тұрақты дамыту, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аграрлық өндірісті ДСҰ кіру шарттарына бейімдеу.

2. Балық, орман ресурстарын, жануарлар әлемі ресурстарын, табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау, ұтымды пайдалану және өсімін молайту, сондай-ақ тұрақты сумен жабдықтау және су пайдаланудың тиімді деңгейі үшін жағдай жасау.

3. Ауыл халқын қоныстандыруды оңтайландыру негізінде селоның (ауылдың) тіршілігін қамтамасыз етуге қалыпты жағдай жасау, ауылды дамыту бағдарламаларын ықпалдастыру арқылы ауылдық аумақтардың әлеуетін өсіруді қамтамасыз ету.

Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер

Ескерту. Бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.20 № 1087, 2010.12.31 N 1532 Қаулыларымен.

Атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
		2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1-Стратегиялық бағыт. Агроөнеркәсіптік кешен салаларын тұрақты дамыту, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аграрлық өндірісті ДСҰ кіру шарттарына бейімдеу								
1.1-мақсат. АӨК өнімдері өндірісін тұрақты өсіру негізінде республиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету								
Нысаналы индикаторлар:								
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімдері өндірісінің өсуі	%	95,0	103,0	87,2	103,7	104,0	104,4	104,8
Агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігін ауыл шаруашылығында жұмыс								

істейтін бір адамға 3 000 АҚШ долларынан бастап кемінде 2 есеге арттыру	АҚШ дол.	-	3000	3200	3600	4200	5000	6000
1.1.1-міндет. Мемлекеттік қолдау шараларын қолдану арқылы өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түсімділігі мен сапасын арттыру және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен қатар ауылдық аймақтарды дамыту және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласында уәкілетті мемлекеттік органның қызметін уақытылы қамтамасыз ету								
Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өндірісін арттыруды қамтамасыз ету	%	85,0	102,0	85,0	104,0	105,0	106,0	107,0
Ылғал қорын сақтау технологиялары арқылы егілетін аландарды ұлғайтуды қамтамасыз ету	%	55,0	59,9	64,5	66,7	68,1	70,7	73,3
Өндірістің, соның ішінде басым дақылдардың агротехникалық циклін қамтамасыз ету (субсидиялау арқылы)	млн. га	20,0	18,1	21,4	21,6	21,7	21,8	21,8
		19,3	19,0	19,0	21,3	21,4	21,5	21,5
Тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) қолдану көлемін көбейтуді қамтамасыз ету	%		103,0	105,0	107,0	109,0	111,0	113,0
Сорт сынау және тұқым сапасын сараптау жүйелерін жетілдіру және егу үшін сапалы тұқымдарды үлесін арттыру (шығындар)	%	90	90	90	90	90	90	90
Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығын дамыту (субсидиялау арқылы) : бірегей тұқым өндірісі көлемін қамтамасыз ету : тандаулы тұқым сату көлемін қамтамасыз ету:	мың тонна	6,5-9,5	6,5-9,5	7,0-10,0	7,5-10,5	8,0-11,0	14,5-20,3	15,0-20,7
		60,0-70,0	57,0-67,0	60,0-70,0	60,0-70,0	65,0-75,0	149,0-175,7	15,0-176,5
Жер мен суару суын тиімді және ұтымды пайдалану есебінен ауыл шаруашылығына пайдалануға жарамды суармалы жерлердің алаңы (шығындар)	млн. га	1,39	1,40	1,40	1,40	1,40	1,40	1,40
Суару желісінің пайдалы әсер ету коэффициентін қазіргі көрсеткіштен арттыру	коэфф.	0,50	0,50	0,50	0,50	0,52	0,53	0,54
Суармалы жерлерді суару суымен қамтамасыз ету (кем емес) (субсидиялау арқылы)	%	90	90	90	90	90	90	90
Карантинді зақымдаушылардың аса қауіпті зиянды организмдері мен ауруларының, өсімдіктер мен арам шөптер ауруларының дамуы мен таралуы болжанған аландарда химиялық күрес жүргізу (шығындар)	млн. га. мыңға	3,1	3,2	3,2	3,2	3,1	4,5	5,0
		221,8	147,3	146,8	112,8	112,8	185,9	185,9
Азық-түлік астығының мемлекеттік қорын жаңарту және ішкі астық нарығын реттеу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден мемлекеттік ресурсқа астық сатып алу жолымен Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі мен жұмылдыру қажеттілігін қамтамасыз ету	мың тонна	409,8	650,0 дейін	500,0 дейін	500,0 дейін	500,0 дейін	500,0 дейін	500,0 дейін

Өсімдік шаруашылығында несиелік ресурстарға қажеттілікті қанағаттандыру	%			3 0 дейін	30 дейін	3 0 дейін		
Елдің оңтүстік өңірлерінде тамшылап суаруды қолданумен көкөніс жеміс дақылдарын өңдеуді дамыту, сондай-ақ ілеспе өндірісті дамыту	өсірілген және жиналған көкөністер мен жемістердің мөлшері (тонна)	8383	-	40 000 дейін	71 350 дейін	84 565 дейін	92 615 дейін	92 615 дейін
Елдің ішкі нарығын қамтамасыз ету үшін 2010 жылғы егіннің астығын сатып алу	мың тонна			1 5 0 дейін				
Жеміс дақылдарының алаңдарын, жүзім алаңдарын ұлғайту есебінен жеміс шаруашылығы мен жүзім шаруашылығы өнімдерінің өндірісін арттыру	мың га	37,0	38,0	39,0	40,0	41,0	42,0	43,0
		11,3	11,6	11,9	12,2	12,5	12,8	13,1
Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингтеріндегі ауыл шаруашылығы саясатына шығындары бойынша Қазақстан Республикасының ұстанымы (ұстанымды анықтау барысында республикадағы ауыл шаруашылығы шығындарының дамыған елдерде аталған саланы қолдау көлемінен төмен екенін есепке алу қажет)	ұстаным	2008-2009 жж . ҒББ	2009-2010 жж . ҒББ	Болжам				
		93	89	89	89	89	89	89
Астық сапасын арттыру жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде астық сатып алу арқылы қаржыландыру	мың тонна				520-ға дейін			
1.1.2-міндет. Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыру								
Мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісін арттыруды қамтамасыз ету	%	104,0	102,9	102,8	104,7	105,0	105,3	105,5
Асыл тұқымды өнім (материал), оның ішінде:								
ІҚМ	тірі салмағы, тонна	3 012,1	2 745,3	2 580,0	4 583,4	4 583,4	4 812,6	5 053,2
қой		4 355,5	6 409,4	5 522,5	5 100, 1	5 100,1	5 355,1	5 622,9
шошқа		1 243,0	1 518,8	725,0	1 200	1 200	1 260	1 323
жылқы		1 210,5	1 965,4	1 580,0	1 216	1 216	1 260	1 323
түйе		575,0	519,5	216,0	500,0	500,0	525,0	551,2
өндіруші бұқалардың ұрығы	мың мөлшер	748,8	-	157,1	342,9	369,3	397,2	402,8
ірі қара малдың аналық бастарын қолдан ұрықтандыру	мың бас	-	87,8	-	-	-	-	-
асыл тұқымды жұмыртқа	мың дана	4 572,0	7 667,7	7 560,0	7 735,3	8 992,7	9 442,3	9 914,4
тәуліктік балапандар (субсидиялау арқылы)	мың бас			30,0	1679,0	1761,3	1842,8	1869,1
Қойдың аналық басын сатып алу және жайылым қой шаруашылығын ұйымдастыру	бас			7000 дейін				

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту және ауыл шаруашылығы жануарларының жалпы санында асыл тұқымды мал басының үлес салмағын арттыру (субсидиялау арқылы):		6,2	6,5	7,0	8,5	10,0	12,0	14,0
ІҚМ	%	5,2	5,5	6,5	8	10	12,5	15
қой		11,1	11,5	12,5	14,5	17	21	15
шошқа		10,7	11	11,5	12	12,5	13	14
жылқы		4,5	4,8	5,5	6,5	7,5	9,5	11
түйе		10	10	10,5	12	13	15	17
құс		7,9	8,5	9	14	19	23	28
Ауыл шаруашылығы құрылымдары өндіретін өндірістің жалпы көлемінен мал шаруашылығы өнімдерінің:								
еттің	%	19	20	21	23	25	27	30
сүттің		10	10	10,3	12	13	14	15
жұмыртқаның		55	56	57	59	62	66	70
жүннің үлес салмағы		30	31	32	33	35	37	40
Жануарлардың аса қауіпті ауруларының болжамы, оларды алдын алу, жою, референция мониторингі, зертханалық болжам және микроорганизмдер штаммдарының ұлттық коллекциясын енгізу, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша жоспарланған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету (шығындар)	%	100	100	100	100	100	100	100
Модульді ветеринарлық зертханаларды салу:								
облыстарда	бірлік	6	5	-	-	-	-	-
аудандарда (шығындар)		1	-	8	11	-	-	-
Ветеринария саласындағы қызметті жүргізетін жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін қамтамасыз ету	штаттық бірлік			2 980	2 980	2 980		
1.1.3-міндет. Қайта өңдеу өндірісін тұрақты дамыту және қолдау								
Ауыл шаруашылығы шикізатты қайта өңдеу өнімдері өндірісінің артуын қамтамасыз ету	%	100,5	95,6	101,3	102,0	102,4	103,0	103,5
Екінші деңгейлі банктердің несие ресурстарының пайыздық ставкаларын субсидиялау бағдарламасына қол жеткізе алатын қайта өңдеу кәсіпорындарының үлес салмағын мынаған дейін жеткізу (субсидиялау арқылы)	%	4,2	6,4	7,3	7,3	7,3	7,3	7,3
	бірлік	136	156	179	179	179	179	179
Тұтынудың жалпы көлеміне тамақ өнімдерінің жекелеген түрлері бойынша импорттың үлесі:								

өсімдік майы		48,0	46,0	44,0	43,5	38,0	36,5	36,0
шұжық	%	41,0	40,9	38,0	36,0	34,0	33,0	32,5
кант		11,8	16	40	12	10	11	9
көкөніс және жеміс шырындары		37,0	36,0	33,0	31,0	28,0	27,5	27,0
жеміс-көкөніс консервілері		92,5	90	85,0	80,0	79,0	78,0	77,0
ИСО және ХАССП стандарттарын енгізген қайта өңдеу кәсіпорындарының санын арттыруды қамтамасыз ету (субсидиялау арқылы)	бірлік	224	254	284	319	359	390,0	420,0
	Жалпы сандағы үлесі (%)	6,9	7,8	8,7	10,0	11,1	12,0	13,0
1.2-мақсат. Отандық өнімдердің ұлттық бәсекелестік басымдылығын дамыту								
Нысаналы индикаторлар:								
өсімдік шаруашылығы өнімдерін мал шаруашылығын өнімдерін		7	10	10	15	15	15	15
ғылыми қамтамасыз етуді қамтыған аграрлық сектор кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы құрылымдарында өндірістің өсуін қамтамасыз ету	%	3	5	5	7	7	9	9
Ауыл шаруашылықта жаңа жұмыс орындарын құру	адам	1 800	2 300	2 000	2 000	2 000	2 000	2 000
Қазақстандық экологиялық және биологиялық таза өнімнің экспортқа бағдарланған брэндін қалыптастыру								
Ауыл шаруашылығы дақылдарының бәсекеге қабілетті сорттарын жасау мерзімін 2 есеге жеделдету								
1.2.1-міндет. Экспорттық текшелерді алу үшін АӨК-нің сапалы бәсекеге қабілетті өнімдерін -ндіру								
Қытаймен шекарада астық терминалын салу	бірлік							
Астықты тереңнен қайта өңдеу зауытын салу *	бірлік							
Мақта егісінің сортты тұқымдық материалын ендіру бойынша зауытты салу	бірлік	ТЭН, ЖСҚ	1					
Теңіз порттарында астық терминалдарын салу және жабдықтау	бірлік	ТЭН, ЖСҚ						
оның ішінде Амирабадта		ЖСҚ	1					
Инфрақұрылымы дамыған мал бордақылау алаңдарын салу	бірл.	ТЭН, ЖСҚ		2	1			
	тонна		-		500-ден 2200 дейін	750-ден 3700 дейін	750-ден 4000 дейін	750-ден 4000 дейін
Мемлекеттік сатып алудың жылдық көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі:								
ауыл шаруашылығында:	%	80	80	80	80	80	80	80
орман және аңшылық шаруашылығында:		80	90	90	90	90	90	90
су шаруашылығында:		70-80	70-80	70-80	70-80	70-80	70-80	70-80
балық шаруашылығында:		70	70	70	70	78	80	80
агроөнеркәсіптік кешендегі инспекцияда:		80	85	90	90	90	90	90
Рұқсат беру құжаттарының санын азайту			2	-	9			

орман және аңшылық шаруашылығында	бірлік		1					
балық шаруашылығында			1	-	2			
агроөнеркәсіптік кешендегі инспекцияда				-	7			
Мемлекеттік бақылау субъектілерін жоспарлы тексеруді азайту:								
орман және аңшылық шаруашылығында	бірлік	294	442	1 241	1 100	1 000	900	800
су шаруашылығында		1 360	817	1 152	947	828	710	592
агроөнеркәсіптік кешендегі инспекцияда		21 811	32 927	25 616	25 611	25 611	25 611	25 611
балық шаруашылығында		439	606	411	400	365	340	325
Осы тексерістерді қауіп қатерлердің шағын және орта деңгейлер санаттарына жататын мемлекеттік бақылау субъектілерінде жүргізу ұзақтығы	Жұмыс күндері							
орман және аңшылық шаруашылығында		10	10	10	9	8	6	5
су шаруашылығында		10	8	7	6	5	4	3
балық шаруашылығында		6	6	5	5	4	4	4
агроөнеркәсіптік кешендегі инспекцияда		8	7	6	5	5	5	5
Асыл тұқымды шаруашылықтар-репродукторларды құру	бас	-				4 96 дейін	4 46 дейін	9 42 дейін
Асыл тұқымды табынды құру және өнімін молайту мақсатында ірі қара малдың асыл тұқымдарын сатып алуды қаржыландыру	бас				1655			
1.2.2-міндет. Бәсекеге қабілетті ғылыми әзірлемелерді құру, енгізу мен таратудың тиімді жүйесін құру және адам капиталын дамыту арқылы АӨК-нің жедел ғылыми және технологиялық дамуын қамтамасыз ету.								
Ауыл шаруашылығы және басқа да дақылдардың жаңа сорттары мен будандарын құру (шығындар)	бірлік	40	15	20	30	32	35	37
Ауыл шаруашылығы және басқа да дақылдардың жаңа сорттары мен будандарын енгізу	%	10	10	12	15	16	18	20
Жалпы егістік алқабынан отандық селекция сорттары дақылдарының егістік алқабын ұлғайту	%	45	47	50	55	57	58	60
Егін шаруашылығында, өсімдіктерді қорғауда және карантинінде, орман, су, балық, мал шаруашылығында, ауыл шаруашылығын механикаландыру мен электрлендіруде, ауыл шаруашылығын өнімін қайта өңдеу мен сақтауда технологияларды құру (шығындар)	бірлік	27	5	15	25	5	17	28
Егін шаруашылығында, өсімдіктерді қорғауда және карантинінде, орман, су, балық, мал шаруашылығында, ауыл шаруашылығын механикаландыру мен электрлендіруде, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу мен сақтауда технологияларды енгізу	%	14	16	19	22	23	24	26

Жыл сайынғы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде АӨК, су, балық, орман және аң шаруашылығы салаларының қажеттілігі үшін мамандықтар бойынша жоғарғы оқу орындарына абитуриенттердің түсуі (ш ы ғ ы с т а р) : докторантура (PhD):	адам	2 115	2 260	2 480	3 036	3 460	3 945	4 480
ауыл шаруашылығы ғылымдары				30	50	60	70	80
ветеринария				10	20	30	40	50
магистратура:								
ауыл шаруашылығы ғылымдары		70	95	110	150	170	195	220
ветеринария		15	35	50	80	100	120	140
бакалавриатура:								
ауыл шаруашылығы ғылымдары		1 520	1 600	1 730	2 116	2 430	2 790	3 210
ветеринария		510	530	570	620	670	730	780
Аграрлық салада білімді өндіріске жеткізе білу жүйесі бойынша мамандар мен фермерлерді оқыту (шығындар)	адам	150	810	1 500	1 500	1 500	1 700	1 700
1.3-мақсат. АӨК салаларының қазіргі инфрақұрылымын дамыту және техникалық жабдықталуын арттыру								
Нысаналы индикаторлар:								
Мамандандырылған ұйымдардың қызметін алушыларды қамту	%	7,4	7,4	7,4	7,4	7,4	7,4	7,4
Республиканың аграрлық саласында аппараттық-бағдарламалық кешенін әзірлеу және енгізу арқылы мемлекеттік саясатты толыққанды ақпараттық қамтамасыз ету (2012 жылы 1073 бірлік автоматтандырылған жұмыс орындарын құру)	%	-	30	100	100	-	-	-
1.3.1-міндет. АӨК салаларының қызмет көрсететін инфрақұрылымын дамыту								
Ауыл шаруашылығы өндірісін және ауыл шаруашылығы емес бизнесті несиелендіру								
Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге және қайта өңдеуге несие беру, оның ішінде несие серіктестіктерінің жүйесі арқылы (үдемелі жиынымен)	бірлік	158	161	161 дейін	161	161	161	161
Ауыл шаруашылығы өнімдерін бірлесе отырып өндіру, дайындау, қайта өңдеу, өткізу, сақтау, тасымалдау және тауарлы-материалдық құндылықтармен жабдықтау бойынша жеңілдікті несие беру арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері мен ауыл тұрғындарын біріктіруді ынталандыру (үдемелі жиынымен)	бірлік	122	132	1 44 дейін	156	168	180	192
Ауылдық жерлерде кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығы емес түрлерін дамыту (несие беру)	бірлік	53	1 0 дейін	1 0 дейін	20 дейін	2 0 дейін	2 0 дейін	2 0 дейін

Өсімдік шаруашылығында қауіп-қатерді төмендету								
Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістіктерін сақтандыру арқылы сақтауды қамтамасыз ету	млн. га	13,9	14,0	14,1	14,15	14,2	14,25	14,3
АӨК-ні ақпараттық-маркетингтік және нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету								
Ақпараттық кеңістік қызметтерді өтеусіз негізде алушы АӨК субъектілерінің санын мынаған дейін жеткізу:	мың бірлік	50	45	50	55	55	55	55
Астана қаласында көрме-жәрмеңкелік кешенін салу және көрме-жәрмеңкелік шараларды, бизнес-форумдар мен конференцияларды, соның ішінде халықаралық деңгейде, жүргізу (бюджеттік инвестициялар)	бірлік		ТЭН					
Қазақстан Республикасының көтерме нарығында ақпараттық-логистикалық орталықтар құру	бірлік		2 дейін	1 8 дейін				
Аймақтық терминалдары бар ауыл шаруашылығы өнімінің көтерме нарығын салу, оның ішінде:	бірлік							
- Оңтүстік Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме нарығының аймақтық терминалын салу;			ТЭН		ЖСҚ		1	
- Астана қ. ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме нарығын салу;	бірлік	ТЭН	ЖСҚ					1
- Маңғыстау және Шығыс-Қазақстан облыстарында аймақтық терминалдарды салу;			ТЭН			ЖСҚ		
Ауыл халқының, сонымен бірге кәсіпкерлер әйелдерінің агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың арнаулы қаржы институттарын қоса, қаржы ресурстарына қол жетімділік мәні бойынша социологиялық зерттеулерді жүргізу	бірлік	-	-	1	-	1	-	1
Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорындарға кредит беру	бірл.			8-ге дейін				
1.3.2-міндет. Техникалық және технологиялық қайта жабдықтау								
Республиканың машина-тракторлық паркін жаңарту қарқынын ұлғайту (лизинг арқылы)	%	2,1	0,2	0,1	0,15	0,2	0,3	0,4
2-Стратегиялық бағыт. Балық, орман ресурстарын, жануарлар әлемі ресурстарын, табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау, ұтымды пайдалану және өсімін молайту, сондай-ақ тұрақты сумен жабдықтау және су пайдаланудың тиімді деңгейі үшін жағдайлар жасау								
2.1-мақсат. Балық, орман ресурстарын, жануарлар әлемі ресурстарын, табиғи-қорық қорының ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету объектілерін сақтауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету								
Нысаналы индикаторлар:								
Орман отырғызу көлемін ұлғайту	мың га	41,5	48,6	55,0	55,0	60,0	62,0	65,0

Орманмен жабылмаған алқаптарды жабылған алқаптарға аудару	мың га	4,5	4,0	4,5	5,0	5,5	6,0	6,5
Аңшылық алаңдарын бекіту	%	48,2	48,5	49,0	49,0	49,0	49,0	49,0
Ұзақ мерзімді негізде бекітілген балық шаруашылығы айдындары мен олардың учаскілерінің санын көбейту	%	65,0	70,0	80,0	90,0	95,0	95,0	95,0
Балық және басқа да су жануарларының аулауын көбейту	мың тонна	55,9	60,0	60,2	60,25	60,25	60,25	60,25
2.1.1-міндет. Республика аумағында орманды жерлерді көбейту, елді мекендерді көгалдандыру, олардың айналасына жасыл аймақ жасау және кеңейту, ағаш түрлерін және жеке меншік орман қорларын плантациялық өсіруді дамыту, орман ресурстарын тиімді пайдалану								
Орман орналастыру жұмыстарын жүргізу	мың га	407,4	890,6	514,1	829,0	1 029,5	916,2	3 714,4
Жақсартылған мұралы сапасы бар қондырмалы материалдарды алу (шығындар)	мың дана	745,0	800,0	900,0	1 000,0	1 000,0	1 000,0	1 000,0
Орман қорының жалпы аумағынан республиканың мемлекеттік орман қоры аумақтарында авиациялық патрульдеуге жеткізу (шығындар)	дана	20	20	20	30	30	30	30
2.1.2-міндет. Жануарлар әлемі ресурстарын және табиғи-қорық қорлары объектілерін сақтау, ұдайы өндіру және тиімді пайдалану								
Сирек кездесетін және жойылу қаупі бар жабайы тұяқты жануарлар түрінің санын мекендейтін аймақтарында тұрақтандыру:	бас							
тоғайдағы асыл марал		375	375-385	385-395	395-400	400-410	410-420	420-430
құлан		2000	2100	2100-2150	2150-2200	2200-2250	2250-2300	2300-2350
джейран		16096	16200	16200-16300	16300-16400	16400-16500	16500-16600	16600-16700
архар		11000	11500	11500-11520	11520-11540	11540-11560	11560-11600	11600-11750
үстірт муфлоны		900	1000	1000-1010	1010-1020	1020-1030	1030-1045	1045-1100
Ақ бөкендер санының өсуін қамтамасыз ету (шығындар)	%	11,3	32,7	5,5	10,0	10,0	10,0	10,0
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтырының ЕНО және ТЭО әзірлеу	дана		1					
Жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру:	бірлік га	1	1	1	1	1	1*	1*
		111 500	356 022	88 968	144 627	490 000		
барын кеңейту (шығындар)		3		2	1	-	-	-
		339 905		107 382	1 102 585			
2.1.3-міндет. Балық қорларын қорғауды, ұдайы өндіруді, балық аулауды мемлекеттік бақылау және реттеуді қамтамасыз ету								
Халықаралық және республикалық маңызы бар су айдындарын мемлекеттік есеп және мониторингпен қамту:	%	93	95	97	100	100	100	100

жергілікті маңызы бар су айдындарын (шығындар)		40	47	55	60	70	72	75
Табиғи су айдындары мен су қоймаларына бағалы кәсіптік балықтардың өмірге төзімді жас балықтарын шығару:	млн дана	168,4	156,4	156,4	156,4	156,4	156,8	156,9
мемлекеттік тапсырыс бойынша табиғатты пайдаланушылардың қаражатынан (шығындар)		36	36	36	36	57	60	62
2.2-максат. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу								
Нысаналы индикаторлар:								
Қазақстан Республикасы халқының сапалы ауыз суға қол жеткізуін арттыруды қамтамасыз ету	%	68,0	70,0	77,0	80,0	-	-	-
Деңгейде экономика салалары мен қоршаған ортаның суға қажеттілігін қамтамасыз ету	%	75,0	75,0	75,0	75,0	75,0	75,0	75,0
2.2.1-міндет. Су ресурстарын интегралды басқару принциптерін енгізу								
Су ресурстарын басқару туралы Бірыңғай ақпараттық-талдамалы жүйенің базалық негіздемені құру (шығындар)	Жүйені әзірлеудің %	-	20	60	100	-	-	-
Ғылыми зерттеулер жүргізу, су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру мақсатында жаңа әдістемелік негіздер әзірлеу және барын жетілдіру (шығындар)	ҒЗЖ саны, дана	-	2	4	3	1	1	1
Зерттеулер жүргізу және трансшекаралық су ресурстарын басқарудың жаңа үлгілерін әзірлеу (шығындар)	ҒЗЖ саны, дана	-	1	3	-	-	-	-
Зерттеулер жүргізу және өзен ағысын мемлекетаралық бөлудің қолайлы үлгісін әзірлеу (шығындар)	орындау %	-	30	60	100	-	-	-
2.2.2-міндет. Су ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану								
Экономиканың салаларын су ресурстары және оларды ағымдағы және ұзақ мерзімді кезеңге пайдалану туралы қажетті мәліметтермен қамтамасыз ету (шығындар)	%	75	85	95	100	100	100	100
Компенсациялық су жіберулер жүргізу (шығындар)	млн.м ³	50	100	100	100	100	100	100
2.2.3-міндет. Сумен жабдықтау жүйесін, гидротехникалық және гидромелиоративтік құрылыстарды, сонымен қатар шаруашылықаралық арналарды қауіпсіз және сенімді пайдалануды қамтамасыз ету								
Белгіленген талаптарға сәйкес су шаруашылығы объектілерін пайдалану:	бірлік	130	130	142	142	142	142	142
республикалық мемлекетаралық (шығындар)		10	10	10	10	10	10	10
Қауіпті қалдықтар полигонын салу және оны сынаппен ластанған материалдармен толтыру (шығындар)	пайдалану көлемі, м ³	770 640	850 285	200 555	9 170	-	-	-
Негізгі құрал-жабдықтарының 80 %-ы тозған су шаруашылығы объектілерін								

пайдаланатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың негізгі құрал-жабдықтарын жаңарту (бюджеттік инвестициялар)	%	-	10	20	40			
2.2.4-міндет. Сумен жабдықтау және су шаруашылығы ғимараттары жүйесінің тұрақты дамуы								
Ауылдық елді мекендерді және шағын қалаларды сапалы ауыз сумен қамту (бюджеттік инвестициялар)	АЕМ саны	350	645	710	750	750	-	-
Су шаруашылығы ғимараттары арқылы тасқын судың апатсыз өтуі үшін өзен арнасының жағаларын бекіту	км	4	3	1,5	1,5	-	-	-
3-Стратегиялық бағыт. Ауыл халқын қоныстандыруды оңтайландыру негізінде селоның (ауылдың) тіршілігіне жақсы жағдайлар жасау, қаланы және ауылды дамыту бағдарламаларын ықпалдастыру арқылы ауылдық аумақтардың әлеуетін өсіруді қамтамасыз ету								
3.1-мақсат. Селоның (ауылдың) тіршілігіне жақсы жағдайлар жасау және ауылдық аумақтардың әлеуетін өсіруді қамтамасыз ету								
Нысаналы индикаторлар:								
Жоғары әлеуетті дамыған ауылдық елді мекендер санын көбейту	бірлік		1 902	2 473	2 510	2 550	2 570	2 590
Ауылдық елді мекендерде жұмыс істеу үшін әлеуметтік сала мамандарын тарту (шығындар)	адам		6 506	5 499	5 000	4 000		
3.1.1-міндет. Аймақтық бәсекелестік басымдылықтарды пайдалану, ауыл халқына әлеуметтік саланың сапалы қызметін көрсету негізінде республиканың ауылдық аумақтарының тұрақты дамуы								
Ауыл халқының оңтайлы орналастыру үлгісін әзірлеу (шығындар)	бірлік							
3.1.2-міндет. Ауыл халқының шағын несие ресурстарына қол жетімділігін қамтамасыз ету								
Ауыл тұрғындарының нысаналы топтарын шағын несиелемен қамту	%	4,2	2,2	2,3 дейін	2,6	2,7	2,9	3,1
Өспелі қорытындымен ауыл тұрғындарына шағын несие беру (несие беру арқылы)	адам	47 632	50 382	55 382	60 382	65 382	69 132	72 882

* аумақтары ЕНО және ТЭО әзірленуден кейін анықталатын болады.

Стратегиялық

жоспарға

2-қосымша

Мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Мемлекеттің стратегиялық мақсаттары, оларды жүзеге асыру үшін бағытталған мемлекеттік органның мақсаттары	Стратегиялық құжаттың, нормативтік құқықтық актінің атауы
1-Стратегиялық бағыт. Агроөнеркәсіптік кешен салаларын тұрақты дамыту, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, азық- түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аграрлық өндірісті ДСҰ кіру шарттарына бейімдеу.		
1-мақсат. АӨК өнімдері өндірісін тұрақты өсіру негізінде		«Қазақстан халқының әл-ауқатын асыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты»

республиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету	«Елдің азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі қажет»	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы жолдауы
1.2-мақсат. Отандық өнімнің ұлттық бәсекелестік артықшылықтарын дамыту	«Біздің ортақ мақсатымыз - 2015 жылдарға дейін ауыл шаруашылық өнімнің үлесін экспорттың жалпы көлемінде 8 пайызға дейін жетекізу»	Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылы 15 мамырдағы «Нұр Отан» ХДП кезектен тыс 12 съезінде берілген тапсырмасы
1.3-мақсат. АӨК салалары қазіргі инфрақұрылымын дамыту және технологиялық жабдықталуын арттыру	«Біз әлемдегі азық-түлік тауарларының тұтынуды өсу мен бағалардың өсуін есепке алып, аграрлы сектордың технологиялық қайта жабдықталуына және кеңінен масштабты жаңартуға қайта бағдарлануымыз қажет»	Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылы 15 мамырдағы «Нұр Отан» ХДП кезектен тыс 12 съезінде берген тапсырмасы
2-Стратегиялық бағыт. Балық, орман ресурстарын, жануарлар әлемі ресурстарын, табиғи қорық қорының объектілерін сақтауды, ұтымды пайдалануды және өсімін молайтуды қамтамасыз ету, сондай-ақ тұрақты сумен жабдықтау және су пайдаланудың тиімді деңгейі үшін жағдай жасау		
